


Олар да бұл Қасымды бір байқасын...

Қазақ поэзиясына буырқанған дауылдай, нәсерлеткен жауындай, лапылдаған жалындай екпіндеп келген Қасым Аманжолов шығармалары өз тұрғыластарынан ойының уыттылығымен, сөзінің оттылығымен, қиялының ұшқырлығымен дараланатыны шындық. Ақынның қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды қабылдауы, оны жырына қосуы басқаларға еш ұқсамайтыны да рас. Тірісінде «берейін өмірімнен өлең жасап» деп жырлаған ақынның шынында өмірі де өлеңіндей жалынды еді, аз ғана уақыт ішінде лапылдады да өртке оранды. Сол Қасыммен тағдырлас, дарабоз ақын Мұқағалидың: «Қасым деген - қалғыған жанартау ғой, Жанартау ғой. Жанды да кетті өртеніп», - деп толғануы сондықтан болса керек. «Жыр керек қой, дүниеге жыр керек қой, Неге ғана өледі ақын адам?!», - деп шырылдаған ақын жүрек тоқтағанымен оның бөбегіндей қастерлеген өршіл өлеңдері мәңгілікке жол тартқан еді. Сол өр тұлғалы ақынның өміршең өлеңдері жайында филология ғылымдарының докторы, профессор Бекен ЫБЫРАЙЫМ-ДЫ әңгіме-сұхбатқа тартқан едік.



— Қазақ поэзиясына үлкен өзгерістер әкелген Абай хакім екені даусыз. Одан кейінгі жанаша өлең үлгісі Қасым поэзиясынан анық байқалады. Осыған алып-қосарыңыз...

— Егер жаңашылдық мәселесіне келсек, мысал өте көп. Мәселен, жыраулар поэзиясы — өз кезі үшін жаналық. Олардың ойлау, толғау әлеміндегі көркемдік жаңалықтар қазақ поэзиясына әлі күнге әсер етіп келе жатқаны хақ.

Әрине, қазақ поэзиясына, жалпы рухани әлемімізге Абай секілді қисапсыз жаңалықтар әкелген деп ешкімді де бөлектеп айта алмаймыз. Сондықтан да Абай — ұлы ақын. Абай туралы қаншама зерттеулер жазылса да, әлі де ұлы ақынның барлық қырын түгелдей аша алған жоқпыз. Абай — бөлек әңгіменің арқауы.

Ал, Қасымның алдында қазақ өлеңіне айтулы көркемдік жаңалықтар әкелген ірі тұлғалар, қазақ әдебиетінің классиктері — Мағжан мен Илияс. Қасым қазақ ақындарының шығармаларымен ғана емес, өзіне

дейінгі қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетімен де, орыс тіліне аударылған Шығыс әдебиетімен де, Батыс әдебиетімен де терең танысқаны, нәр алғаны, іштей жарысқаны аңғарылады.

Абай өлеңінен Шығыс пен Батыс поэзиясының көркемдік тәжірибесін игеру, данышпанға ғана лайық терең ойшылдықты айқын көреміз. Абайдың заман мен замандарды, қоғамдарды, адам мен адамзатты асықпай салыстырып, кеңінен байыптауға кең ойлап, кемел толғауға мүмкіндігі жеткілікті болғаны мәлім. Әрине, гәп — мүмкіндікте ғана емес, ең алдымен — Тұлғада. Абай — өзінен кейінгі барлық ақындарды ғана емес, күллі қазақ халқын тәрбиелеген ұлы Ұстаз, қайталанбас тұлға. Абай секілді философ ақындар қай халықтың да тарихынан аз да болса табылады.

Нәмесе Мағжанның «типіндегі» ақындар орыс поэзиясынан да, өзімізден де ұшырасып қалады. Мәселен, Бернияз жырларын оқып көріңіз. Илияс сияқты арқалы, адуын екпінді ақындардың «мақамы» — «стиль» көзімізге бірден оттай басылады, бұрын естіген-көрген тәріздіміз. Бірақ Илияс біз көргеннен, естігеннен әлдеқайда асырады, үстемелете тасқындатып толғайды. Сонысымен тәнті етеді. Абайға, Мағжанға, Илиясқа ұқсап жазатын, оларды айтпағанда, Күлтегін мен жыраулар рухын, Махамбетті еске салатын өлеңдер қазақ поэзиясында баршылық.

Ал, әдебиетке Қасым Аманжолов келгенде, «көк дауылдай кеуделі» ақын күллі елді аңтан қылды. Жырлары жүрегімізге жақын, ешкім жатырқамайды, мөлдіреп-ақ жатыр. Бірақ... сөзі, өрнегі, әсіресе, рухы мүлдем бөлек. Ежелгі Шығыс пен Батыс поэзиясының небір қасқа мен жайсандарын еске алып көріңіз, ескеріп көріңіз. Әлем поэзиясында көркемдік сипаттары бірін-бірі еске салатын шайырлар жетерлік. Бірінен-бірі көбіне бейнелік әлемімен айрықшаланады. Ал, ақындық мектептегі, ақындық жарыстағы өрнек-үлгілерде «қайталаулар», «еліктеулер», біріне-бірі қарап «ажырасу» да аз емес.

(Басы 1-бетте).

— **Осы айтқаныңызға мысалдар келтіріңізші...**

— Е, е, Айнара, оның бәрін ғылыми тұрғыдан сықытып тұрып жазып, дәлелдеу үшін айлар керек. Бұған дейінгі оқыған ақындарымды іштей шолғанда, алған әсерім ғой. Сонымен...

Қасымды ешкімге ұқсата алмайсыз. Дәлірек айтқанда, Қасым ешкімге ұқсамайды, ешкім де Қасымға әлі күнге «ұқсай» алмай келеді. Қасымның асау рухы, бейнелік әлеміндегі қадам басқан сайын әрі өр, әрі «кішіпейіл», әрі дана, әрі «бала» сөз саптау, бейнелеу үлгілері — бұған дейінгі қазақ поэзиясында ұшыраспаған қисапсыз жанылықтар. Ақын шығармаларында жан дірілін, шынырау сырдың тұңғиығын шарлайтын, замана шері мен қоғам құбылыстарын, тарих толқындарын барлайтын терең сезіну бар. Нәзік лиризм мен көкжиекті қамтыған эпикалық байтақ әлем, философиялық тамырлар біте қайнасып, тұтасып жатады. Мұның бәрі — ақындық шеберліктің ғана емес, ең алдымен, ақындық табиғаттың, интеллектуалдық терендіктің нәтижесі. Зерделі, есті, асау рух, сол рухтан нұр алған, сол рухпен суарған, сол рухтан ту алған шығармалар — «көрнектілену» үшін де емес, көсемсу үшін де емес, көкіректегі шежіре шерді немесе басқа да әркілі тебіреністерін жеткізуге деген табиғи қажеттілік, табиғи ықылас.

Осы ықыластың қуаттылығы соншалық, Қасым Аманжолов қазақ әдебиетіне, сол арқылы әлем поэзиясына көркемдік ойлаудың адамзат тарихында бұған дейін болмаған жаңа құбылыстар, тың толқыныстарын әкелді. Болмысты сезіну мен бейнелеудің, көркемдік тәжірибенің адамзатты байытатын жаңа типін тарту етті. Ендеше, Қасым Аманжолов — ұлы ақын. Қасымнан кейін дүниеге келген ақындардың ішінде оған бас имеген, тағзым етпеген ешқайсысы жоқ.

— **Осы пікіріңізді мысалмен тұздықтасаңыз жақсы болар еді...**

— Жұрт жатқа білетін өлеңдерді мен де мысалға келтіріп, уақытты алмайын. Әрі бұл — үлкен мәселе.

— **Ендеше, неге жазбайсыздар?**

— Ақын туралы аз жазылған жоқ. Алайда, көпшілігі мүшелтойлар қарсаңында асығыс жазылады. Қасым Аманжолов сияқты бір ғасырда бір-ақ рет туатын ақынды толық тану үшін бір жыл немесе бір ай аздық етеді. Әдебиеттегі шын мәніндегі эстетикалық


маңызын жалпылама жаппай білгенімен, тиісті дәрежеде мән бермеу — өркендеуімізге кедергі.

— **Ғылымға деген қамқорлық қазір күшейіп, жағдай түзеліп келе жатқан сияқты ғой...**

— Сияқты, әрине. Әлмисактан белгілі шындық — ғылымды ең алдымен, Тұлғалар жасайды. Әрине, ұжымдық зерттеушілерді қажет ететін мәселелер туралы сөз басқа. Әзірге жаңаша қамқорлық үрдісін көріп жүрген жоқпыз... Жамбыл, Қасым сияқты айтулы тұлғалардың мүшелтойларынан бірнеше жыл бұрын министрліктер тиісті шараларды ойластыруды қолға алғаны мақұл. Осы орайда бірнеше шаруа тындырылар еді. **Біріншіден**, шығармашылық тұлғаның айтылмаған немесе жөнді зерттелмеген қырларын айқындар едік. **Екіншіден**, үздік зерттеулерді шетел тілдеріне аударсақ, халқымыздың рухани-шығармашылық әлеуетінің деңгейін әлемге танытар едік. **Үшіншіден**, қайраткерлеріміздің ең асылдары айқындалып, шет тілдерге аударар едік. Сөйтіп, халқымыздың тағдыры мен тарихын, табиғатын әлемге танытар едік. Егер танымаса, білмесе, басқалардың құрметі де, көзқарасы да көңілдегідей болмайтыны тарихта сан рет дәлелденген. **Төртіншіден**, қазір жасыратыны жоқ, жоғары оқу орындарында оқулықтар мен оқу құралдары жетпейді. Қайраткерлерімізді бүгінгі күннің биік талабы тұрғысынан таразылау сол оқу құралдарын жазуға септігін тигізеді.

— **Қасым Аманжолов туралы көп томдық «Қазақ әдебиетінің тарихында» өзіңіз жазған едіңіз ғой...**

— Иә, жазғанмын. Бірақ ол шығарма-



чествосының да, жалпы қазақ поэзиясының да өзіндік құбылысына, соны көркемдік сипаттарына айналды. Қасымның көптеген өлеңдеріне буырқанған бұла күшке, екпінді ерлікке толы, шиыршық атып, бұлқына ойнап тұрған айбынды қайраты, тепсініп темір үзердей ішкі қуат, сапырылыса, шайқала шапшыған сезім драматизмі тән. Ақын небір уытты, сұрапыл серпінді, болатты болатқа сокқандай жігерлі де отты сарындарға көбірек көңіл қояды. Осынау рухани қасиет оның творчествосындағы бірегей стильдік ерекшеліктің де бедерленуіне әсер еткен. Ақын «Сырбайға екінші өлеңінде»:

Мен едім от жүректі Қасым аған,

Дүние қасіретіне жасымғаған.

Дауыл ғой, дауылдан бір тұрған бойым,

Мен қайтіп іштегі өртті жасыра алам, — деп, өзінің ақындық табиғатын тап басып айтады. Оның творчествосын шолғанда, стиль ерекшелігін, талғамы мен табиғатын аңғартатын сипаттар молшылық. Соның бірі — ақынның толқуы мен толғамын, тебіренісін бейнелеуге қолайлы, қажетті сөз асылын іріктеп, өлең сәукелесіне гауһардай қадай білуінде. Бұл ретте жиі ұшырасатын сөздер: *ай, алтын, ән, бұлбұл, бұрқан, дариға, дауыл, дүние, ел, ер, жаз, жаһан, жер, жүрек, жыр, күй, көз, күн, нажағай, намыс, нұр, от, ой, өлең, өрт, сұлу, тау, тас, теңіз, темір, топан, теңселу*, т.т. Ақын табиғатының айрықша айшықтары — жарқылдаған жасын мінез, өр дауыс, асқакпафос.

— **Сіздің пікіріңізге қарағанда, ақын туындыларынан сонау Абайдың, Мағжанның дәстүр жалғастығы байқалып тұрады. Сонда кезінде атын айтуға жасқанған арысымыздың шығармаларымен**

танытуға, табуға деген ықылас басым.

— **Әдетте, Қасымды лирик ақын ретінде қабылдаймыз. Ал басқа да қандай қырлары болған?**

— Иә, Қасым — лирик ақын екені рас. Ақын өлеңдерінің лирикалық кейіпкері көңіл-күйіне қарай алуан кейіпте көрінеді. Бірде өр, төкаппар, енді бірде үлбіреген нәзік, соншалық сезімтал. Дегенмен, буырқанған бұла күш пен асау арын лирикалық кейіпкердің жанына жақын. Өлең өрнегіндегі өзгеше, өршіл сарын, бөлекше бейнеліктің бедерленуіне себепкер — лирикалық кейіпкердің түйсінуі мен толғанысы. Кейіпкердің заман биігінен толғауы, кәдуілгі тіршілік пен мәңгілік мәселелерді дәуір талабына сабақтастыра сезінуі — ақын парасатының, шабыт пәрменінің айшықтары. Ақын жырларындағы сыршыл да сыншыл пайым — соның бір көрінісі.

Ақынның өлеңдерінен бөлек драматургия саласында жазған шығармалары, мақалалары бар. «Қорлығайын» (аяқталмаған драмалық поэма), «Әлем сахнасында», «Анкау Жүсіп», «Досымның үйленуі», «Ауру мен ажал» сияқты нәрлі тілімен, кейіпкер табиғатын айқын танытуымен, драмалық, комедиялық тартыстардың әлеуметтік тамырының терендігімен назар аударады. Ал «Халық ақындары туралы», «Қалибек Қуанышбаев», «Абай шығармаларының аудармасы», «Ұлы трагедия ақын туралы», «Иса ақынмен соңғы кездесу», «Жамбыл шығармаларының аудармасы», т.б. мақалаларында ақын өлеңге, жалпы поэзияға қоятын биік талабын айтады, қаламдастары туралы әділ, қамқор пікір білдіреді. «Айқасу» очеркін, «Еңбек еншісі» әңгімесін жаз-

Олар да бұл Қасымды бір байқасын...

кұбылыстарды зерттеу, байыптау және дәлелдеу үшін сол арнада үнемі іздену қажет.

— Ғалымдар неге ізденбейді? Мүшел-тойларға орай мемлекет тарапынан қыруар қаржы бөлу дәстүрге айналған жоқ па еді?

- «Неге ізденбейді?» деп сұрақ қою онай. Іздену үшін қажетті қамқорлық, жағдай жасалуы шарт. Рас, мемлекет тарапынан арнайы қаржы бөлінеді. Сол қаржының қайда жұмсалатынын да естіміз. Бірақ… Бізді қинайтын — сол «бірақ» қой баяғы. Барлығы дерлік асығыс жасалады. Мәселен, биыл Жамбылдың 165 жылдығы, Қасымның 100 жылдығы… Мұндай атаулы күндер, тойлар бұған дейін де дүркіреп өтіп жатты. Басқасын айтпағанда, осы екеуіне қатысты зерттеулерге конкурс жарияланды ма, немесе әдебиетшілерге қажетті қамқорлықтар жасалды ма? Жок! Шығармашылық тұлғаның шын мәніндегі қадір-қасиетін университеттер мен институттар да, тойлардың төрінде қонжиып, ақын-жазушыларды дүниеге келтіргендей бәлсініп, шіреніп отыратын шенеуніктер де, күші асып, өзінен төменді басып кететін балуандар да, әуенін аспанға әуелеткен әншілер де, айтысқанда айызынды қандыратын ақындар да, т.т. таныта алмайды. Тұлғаны Тұлға таниды. Шығармашылықтың қадіріне жететін, жеткізіп айта алатын — дарынды, сирек әдебиетшілер ғана.

Кеңес заманынан қалған «дәстүр» бойынша министрліктер мен әкімшіліктер тарапынан білікті, зерделі зерттеушілерге өтініш айтып, жағдай жасағанын әл-әзір көре қойған жоқпыз.

Халқымыздың рухани-көркемдік кемелденуіне қайталанбас, кемел үлес қосқан Абай, Махамбет, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Ілияс Жансүгіров, Қасым Аманжолов, т.б. сияқты әдебиет алыптарын зерттеу тойлардың қарсаңында емес, жыл бұрын жүргізілуі керек. Мәселен, қай оқу орнында Қасым Аманжолов туралы семинар жүргізіледі, қай жерде Қасымтану орталығы, ең болмағанда зерттеу тобы бар?!

Сөз реті келгенде айта кету керек шығар, бұрын бұл секілді мәселелермен Білім министрлігінен бөлек Ғылым министрлігі айналысушы еді. Екеуі біріккелі ғылымға тиісті дәрежеде көңіл бөлінбей-ақ келеді. Сол себепті, енді облыс әкімшіліктері ырду-дырду уақытша шараларға толы өшпелі де көшпелі, дүнкілдек, күмпілдек тойларға шашылғаннан гөрі, Тұлғаның нағыз келбетін танытатын ғалымдарға мойын бұруы — қазіргі күннің айқын да зәру талабы. Мәселен, туғанына биыл 100 жыл толатын Қасым Аманжоловтың академиялық басылымы әлі күнге шықпауы — ұят. Осы мәселені Жамбылға да қатысты айтудың қисыны бар екені күмәнсіз. Ғылымның қоғамдағы



шылық шолу портрет. Ақын шығармашылығын кешенді зерттеу, кеңінен және түрлі тұрғыдан таразылау ондай портреттің аясына сыймайды. Асықпай, көз майын тауысып, ұзақ зерттеу керек. Мәселенің бір қырын ғана қарайық. Қасымның бірнеше рет жинақтары шықты. Үш-төрт том болып та, таңдамалылар болып та. Бұрнағы жинақтарымен салыстырғанда томдықтарда да, басқа кітаптарында да «жекелеген» «түзетулер» жасалды. Бұл жайында сол кезеңнің шындығын көп білетін, көзі көрген, күәсі болған С.Қирабаев «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» (1995) деген кітабында айтқан болатын. Ақынның 1948 жылы шыққан «Дауыл» атты жинағы мен кейінгі басылымдарын салыстырып, бірталай мысалдар келтіреді.

Осы орайда мен де біраз мысал айтайын. «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасындағы:

*Қанды қырғын қапылыста
Жалғыз қап бар жолдасынан,
Жараланған жолбарыстай
Өрт жанарды бір жас ұлан, —
(Қасым Аманжолов, «Дауыл». 1948, 28-бет).*

деген шумақ кейін түсіп қалған.

Осы поэманы 1961 жылы шыққан бір томдық таңдамалы шығармалар жинағымен салыстырдым. Біразын Сераған да айтқан екен. Қайталамай басқаларын тізіп көрейік.

«Темір гүрзі қақтап отқа» дегендегі гүрзі діни ұғымдарды еске салады деп «қауіптенген» бе, «темір болат қақтап отқа» деп «дұрысталыпты». *Қанатын жел жайып қарсы Сабалады жауды бетке, —* (сонда, 29-бет) деген жанды бейнелі, әдемі жолдар «түсіп қалған» да, орнына бір қарағанда асқақ сезілетін, шындап қарасаңыз, арзан патетикалық: *Ашулы жел аиқы дауыс
Тұндырғандай жау құлағын, —* дегенге «айырбасталған». Осы шумақтың келесі екі тармағын оқиық.

Бекен ЫБЫРАЙЫМ

«Дауылда»:
Сол аймақтың әрбір тасы,
Ұшқандай ед құс боп көкке. (29–бет).
Бір томдықта:
Сол аймақтың әрбір тасы,
Күйретердей жау қамалын.

Кейінгісінің идеялық бағыты «дұрысырақ». Ал, көркемдік деңгейі мен логикалық қисыны жағынан алдыңғы мысал анағұрлым жоғары. Снарядтар атқылағанда, топырақ тозаң боп, тасыңыз қиыршықтай ұшпай ма? Алғашқы мысалда сол көрініс образға айналмай ма? Кейінгі мысалдағы *әрбір тасы күйретердей жау қамалын* дегенде, көз алдыңызға образды көрініс келмейді, сол жылдары айтыла-айтыла жауыр болған мағыналық, айқындық қана сезіледі. Оның үстіне соғыс Кеңес Одағының жерінде, орман «етегінде» болып жатыр. Абдолла (1915-1941) әлі жау қамалына жеткен жоқ. Олай болса, «күйретердей жау қамалын» деудің не қисыны бар.

Ар қарай кеттік…

«Ақырын ғана тартып сырнай» — **«Жайлап қана** тартып сырнай»…

«Ұрлық отын жағып отыр» — «Зұлымдық от жағып отыр».

«Түскен ұры терезеннен» — «Түскен дұшпан терезеннен» — болып «өңделген».

Алғашқы басылымда поэма «Абдолла» (Ақын өлімі туралы аңыз) деп аталса, кейін Абдолла аталмай, «Ақын өлімі туралы аңыз» деп қана жазылады. «Дауылдағы»: «Қүдірет күші жер жаһанның», — деген аса асқақ дауыс кейін «өзімізге» қарай икемделіп, «қасиетті күші Ұлы Отанның» болып, идеялық жағынан «беті бері қарайды».

«Жарк-жүрк етіп жан ашуы», — деген тегеурінді, темірді темірге соққандай серпінді жол: «Болып серік (?)жан ашуы», — болып солғындайды. *«Ер күрсініп алды демін»* деген жол мүлдем жоқ.

Мұндай мысалдар тізе берсек, әлі де біраз бар. Уақыт ұту үшін ықшамадап айтайын. Кейінгі жинаққа мүлдем енбегендер:

Түсіргендей көктің майын,
Зіркідеді зеңбіректер.
Естігендей дозақ күйін,
Көрден ытқып шықты өліктер…

Айтып жұмбақ өлеңдерін,
Аңыз болып бір сұлу жар.
Желтіп жалын желектерін,
Келе жатты от сұлулар.
…От сұлулар ыстық тілмен
Өтті ұланды сүйіп-сүйіп…

…О, құдірет, күнсыз темір,
Кеше ғана жатқан шаңда.

Біткендей-ақ бойына өмір,
Зірк-зірк етіп қан майданда,
Көрдіңдер ме, енді мынау,
Сайысады адаммен бұл.
О, зымиян, сұрқия жау!
Қайран өнер, қайран ақыл!—
Деді де ол жалын шарпып…

Енді «жөнделген» жолдарға назар аударайық:

Зілзала боп жер мен аспан, — дегенде, астан-кестең дүниені меңзесе, кейінгіде мағынасы оған тіптен кереғар: «түтасқандай жер мен аспан» болып кеткен. «Өрт топанын кешіп Нұхтай дегенде», «Өрт топаның кешіп, таптай (?)» болып, «саяси» жағынан «дұрысталған». Сол сияқты:

«Жау алмасын, сен алшы өрт» — «Жел, туған жерге алып жет»;
«Қайран халқым, қайран жұртым» — «Туған халқым, туған жұртым»;
«Ту сыртынан сығып жанын» — «Ту сыртынан шығып (?) жанын»;
«Жалт берді ту, жалт берді өмір» — «Аялдамай, жалт берді өмір» — деген «өзгерістерде» ыраққа нұқсан келгені, қарабайырланғаныап-ай-қын.

Осы поэмадан соңғы мысал:
От сұлулар ыстық тілмен,
Өтті ұланды сүйіп-үуіп.
Қайсар атыр от киінген,
Қуш-қайратын тіске жиып, — деген жолдардың алғашқы екі жолы алынғанын айттық.Ал келесі тармақтарының орнына, «тіске жиыптан» кейіні:

Жаңағы (?) ақшыл (?) ер жүзінен
Жалын тіл тұрды сүйіп, — делінген. «Жанағының» бұл араға не қатысы бар? Қан майданда түтігіп, от ішінде арпалысқан жауынгердің ақшыл жүзін кім көріпті?!

«Жалын тіл тұрды сүйіп»-те бір буын жетпей, тармақ ақсаңдап қалған. Осындай ықшамадулар өлеңдерінде де бар. Бәрін жіпке тізбей, екі мысал-кідірейік:

«Ғалиға жауаптын» (1944) «Үшінші сезіндегі»:
Сыпырып кіреукесін жіті (?) түннің,
Жүзіне қараймын тік келер күннің.
Жұлығын қан жалаған ботинкаммен,
Төріне шығармын бір мен елімнің, — деген шумағы мен «Жамбыл» (1946) атты жырындағы:

Білмеймін ұнадым ба, сынады ма,
Мұндайда ақын жаны тұнады ма?
Кеудемнен алып ұшты көңіл-күйі,
Жас кезім оның кәрі құлағында, —

деген шумағы алынып қалған. Мысалдарды тізудегі мақсат — ақын шығармаларының академиялық басылымын немесе таңдамалы шығармалар жинағын бұрынғы басылымдарымен салыстыра отырып шығару қажеттігін қайталап еске салу. Бұл пікір бұрыннан айтылып келеді. Бірақ неге екені белгісіз, «баяғы жартас біржартас»…

Ақынның жан тереңінен шымырлап шыққан жырлары оның өз твор-

ақын өз бетінше танысып, білген бе?

— Иә, ақын өлендерінен алдында өткен айтулы ақындар поэзиясының ықпалы байқалатыны рас. Мәселен, «Сұлудың сымбатынан» Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлысының» ізі көрінеді:
Қара көз, қиылған қас, жазық маңдай,
Алма бет, ақша жүзі нұр тамғандай.
Қыр мұрын, оймақ ерін, меруерт тіс,
Бейне мақпал қызыл тіл шекер балдай.
Төгілер иығына қара шашы,
Жібектей жүз құлпырған дамыл алмай.

Немесе «Көктем» өлеңіндегі:
«Алақанын тұр жайып, жас ағашта жапырақ. Балғын өмір ғажайып, Жас дауыспен жамырап» секілді сыршыл образдылық Абайдың «Жас жүрек жайып саусағын, Талпаның шығар айға алыс» сияқты толғаныстарымен үндесіп жатыр. Осындай сәтгерде Абай тәсілі, Абай пайдаланған көркемдік өрнектер, бояулар бірден «менмұндалайды».

Сонымен қатар, ақын шығармаларынан Шұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов өлеңдеріндегі ой-толғау, сыр ақтару сарыны мен машығы белгі береді. Мысалы: «Тойла, қазақ!» атты өлеңінде:
Кім едің, кім болдың сен, ойла, қазақ!
Бірақ та ойлап қана қойма қазақ!
Көсемің, ұлы Отаның болсын риза,
Табысты таудаы үйіп, тойла, қазақ!— деп түйінделген. Жинақталған бейне ретінде алынған ел-халыққа арнап тіл қату, үндеу тәсілі Міржақып Дулатовтың «Оян, казағын» жаңа заман талабына сәйкес жаңартады. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, т.б. халық жауы ретінде қаралау майданы басталып, одан тамам ел түгел құлақтанса да, жас, албырт ақын жанына жакын әуен мен тәсілден бас тартпайды, жаңа заманға бейімдеп қолданады. Яғни ақын тек өміршең, озық дәстүр ғана көркемдік әлемінде жоғалмайтынын, жойылмайтынын сезіне білген.Сондықтан да сол дәстүрді өз жүрегінің көрігінен өткізеді, өзінше жаңғыртады. Ал Мағжан жырының жаңғырығы, А.С. Пушкиннің қайтыс болуына 100 жыл толуына орай жазған «Ақын» өлеңінен нышан танытады:

Күн боп туған ұлан күнше күледі,
Күндес болған түн өзегін тіледі…

Жас ұланның таза қаны күйеді…
Қара түнде қара киіп қайғырған
Сұлуларды құшады да сүйеді… — сияқты тармақтардан Мағжанның көркемдік әлемі елестейді.

Үздіктер үлгісінен үйренуге құштар ақынның қалыптасу, өсу кезеңінде дүниеге келген туындыларынан С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин шығармаларының да әсері аңдалады. Алайда, Қасымның ізденістері ырықсыз, көзсіз еліктеу емес, саналы түрде дәстүрден үлгі алумен бірге, өзінің үнін

ғанымен, прозамен дендеп айналыспаған.

— Сұрапыл соғыс тақырыбы көптеген ақын-жазушыларымыздың қаламына ілінгені анық. Бірақ сол кезеңдегі қазақ психологиясын дәл Қасым ақындай жеткізе алған ешкім болмаған сияқты көрінеді маған. Бұл жөнінде не айтасыз?

— Отанға қара бұлттай қатер төніп, жан-тәніңді жаншып, таптап етпекке жанталасқанда, екі-ақ тандау бар. Бірі — көну, жеңілу. Екіншісі — бағзыдан бері бұлжымай келе жатқан, баба қазақтың байырғы ұраны — «Қанға қан, жанға жан!» Ата жаумен арпалысқан айбынды ұланды ұлы ететін, жаужүрек батыр ететін — оның Отанға деген махаббаты. Елін, жерін тебірене сүйген адам ғана батырға айналады. Мәселен, мына толғанысын алып қарайық:

…Күллі әлемнің ашу-кегі,
Орна менің кеудеме кен!
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да атыл жүрек!

(«Ақын өлімі туралы аңыз»).

Махаббат пен ашынудан серпіліп туған сұрапыл жігер-қайратты өзінің өр кеудесіне лық толтырған жалынды жастың өршіл толғанысында қаншама астарлы да ажарлы сурет, кестелі келісім бар. Өлімнің өзін әлем әдебиетінде сирек кездесетін романтикалық, әрі философиялық категория пафосқа айналдырып, асқақтата жырлаған. Ақынға майданда мерт болған досы Абдолла Жұмағалиевтің өлімі қатты әсер етеді. Сөйтіп, ақын шығармашылығының шыңы, қазақ поэзиясының айтулы туындысы — «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы дүниеге келеді. Аяулы доска деген махаббат, өкініш сезімі ақынның жан азасы мен тебіренісіне ұласып, жиырмасыншы ғасырдың жойқын алапатына әрі поэзия, әрі философия тұрғысынан қарауға серпін берген. Екінші дүниежүзілік соғыстың сипаты мен сиқын, адам қасіреті мен қасиетін, айбарлы өлім айбынын терең де жедел толғаған «Ақын өлімі туралы аңыз» — қазақ жырындағы ғана емес, жаһан поэзиясында ұшырасатын жауһар туындылардың бірі.

— «Дариға, сол қыз» да дәл осындай майдан даласындағы шындық пен қасіретке және сол қиындыққа қарамастан өмір сүруге деген құштарлыққа толы өлең. Мүмкін, бұл өлең ақынның төлқұжаты десем де қателеспеспін, әлде…

— «Дариға, сол қыз» — майдан арпалысы мен қасіретін, тарихи шындық, әлеуметтік трагедия мен жеке адамның басындағы трагедия, соның бәрінен аман алып шыққан өмірге деген құштарлық оптимистік рухпен жеткізілген шығарма.

(Жалғасы 11-бетте).

Шығарма ырғағымен де, заман шындығын, лирикалық кейіпкердің тебіренісін бейнелеу ерекшелігімен де сол кезеңде айрықша жаңалық ретінде сүйсіндірді. «Көреспей жүзін, естіртпей сөзін, қаһарын төгіп тұр долы соғыс» деген жолдарда замана аласапыраны жол кессе, «арманым бар ма, өлсем бір көріп, қайда екен, қайда, дариға, сол қыз?!» деген сәттерде кейіпкердің жарық дүниеге талпынған өлмес құштарлығын, «қолымда найза, шағылып айға» дегенде, асау қайратын, жігерлі табиғатын, асқақ рухын аңғарамыз. Бұл жырда ақынның қайраты мен айбаты, қайғысы мен қамығуы, үміті мен күдігі, мұңы мен тілегі қат-қабат.

— Ойға құрсау салған идеологияның әсері ақын шығармаларына қалай ықпал етті?

— Сол кездегі белсенді идеологияның талабына орай калам иелерінің көптеген саяси оқиғаларға, жаңа қоғамды дәріптеуге жаппай атсалысқаны белгілі. Ол кез үшін мұндай қарекет қоғам, мемлекет үшін идеологиялық, әрі әлеуметтік қажеттілік болса, шығармашылық өкілі үшін еріксіз өмірлік, мәжбүр қажеттілік болғаны мәлім. Идеологияға икемделіп үн қатпаса, қайтсе де амалын тауып немесе көпе-кернеу жалған айып тағып, айдалатын, ату жазасына кесілетін. Демек, Қасымның да заман талабына орай туған жырларына, дастандарына қоғамның ерекшелігі әсер етті. Мәселен, «Құпия қызда» Қызай қызы Ләзаттың бостандық іздеп, ауылдың еті тірі жігіті Нұрманның қолдауымен Кеңес еліне қашқаны, Нұрман мен оған ерген қойшы жігіт Жақыптың мерт болғаны, Ләзаттың Кеңес еліне келіп бостандық алғаны халық ақындары дәстүрінде жырланған. Бұл поэманы жазуға 1938-1939 жылдары республиканың сол кездегі Орталық Комсомол Комитетінің жастар өмірін өзек еткен поэмаларға арналған бөйге жариялауы себеп болған. «Құпия қыз» осы бөйгеде жақсы бағаланған. «Қытай қызында» да уақыт талабына қарай бейімделіп жырлау айқын байқалады. Ал «Боран» өлеңінде сол талап сезілгенімен, ақындық қуат молырақ екені байқалады. «Бикеш» поэмасы да ақынның идеологияға икемделіп жазған туындысы. Қ.Аманжоловтың басқа да біраз өлеңдері сол кездің талғамы мен талабына лайықталып жазылған. Бұл шығармаларында ұраншылдық сарындар ұшырасып, тебіреністе бермейтін, қаншама құлшынғанымен ақынның өзін толқытпаған соң, басқаны да әсерлендіре қоймайтын туындылар кездеседі.

— Ақынның өткені мен бүгінгісіне ой жүгіртіп, өз-өзіне сын көзбен қарай жырланған «Өзім туралы» өлеңі кейде ақынның бақұлдасу сөзіндей боп көрінетіні бар...

— «Өзім туралы» — Қ.Аманжоловтың өз өмір жолын ой елегінен өткізу, өз болмысын тануға және танытуға деген талпынысы, заман мен келешекті шолуы һәм таразылауы, алдағы күнге деген үміті, арман-сенімі, әрі болмысты философиялық-көркемдік тұрғыдан байыптауы. Сонымен бірге, бұл — айықпас дертке шалдыққан, мәңгілік сапарға бет бұрған ақынның атық аманаты, арнау сөзі, реквиемі. Сыншы Е.Ысмайловтың айтуынша, өлең аяқталмаған. Соған қарағанда автор философиялық поэма жазуды діндеген сияқты. «Шарлаған жолым жатыр жер бетінде, Көрінер көлеңкесі келбетімде» деп күллі өмірін көз алдынан — таразыдан өткізген ақын бір сәт «Арпалыс ала құйын заманалар, арбасып тұрып алды мен не етемін» деп назаланса да, шындықты бейтарап сараптап:

*Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.
Күніне жүз ойланым, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесім өлеңім деп... —*
дейді.

Қалай дегенде де «түстінге» қарағанда «лақтырылғанның» зілі де, кесепаты да жойқын, жер астынан жік шыққандай тосын. Сол жойқындық, сол тосындық жүрегіңді дір еткізеді.

Қазақшада:

*Қандай әйел тапты екен сені неге,
Қандай сайтан енгізді дүниеге...*

Осы жолдардың қазақша табиғи, әдемі шықпай жатқаны талассыз. «Сені неге» деген екі сөз үйірлеспей, үйлеспей, бірінен-бірі үркектеп, зордың күшімен ғана қатарласқан. Сол секілді «енгізді дүниеге...» қарабайырланып, жайдақ мақала «стиліне» ыңғайланып кеткенін көрмеу мүмкін емес. Орысшада:

*Какая злодейка родила тебя?
Какая ведьма в мир вводила тебя?*

Қазақшада:

*Тау бүркітке (?) атылған сен бір жылан,
Долы сайтан, дүниеге салдың ылаң...*

Орысшада:

*Кинулся на мир, как змея на орла,
Как сатана, как ведьма злостью полна...*

Қазақшадағы: «Тау бүркіткенің» жатық шықпай жатқанына мән бермесек те, орысшадағы ойыннан кетпейтіндей, жан тігіретерлік соншалық зілді де зұлымның ұсқынын қашыра, бетіне шығғыра екпіндеп, еселеніп айтылған зор айыптау, кегі қаулаған өктем үн қандай? Қайда қашса да құтқармайтын, серпіні жойқын айыптаумен бірге, жарық дүниеге шүйілген қара ниет, қайырымсыз, қанқұйлы тажалдың табиғатын жазбай таныған байыптау қандай? Байыптау арқылы тарихтағы тажалды, адамзатына аранын ашқан ажалды, таймай-тайынбай үсті-үстіне төпелеп әшкерелеуі қандай?

Тажал мен ажал тізе қоспақ түгіл, тұтасып кеткен, озбырлығынан зұлымдығы асқан, зұлымдығын одан әрі қоздыратын озбыр ойраны тіпті озған, жарық дүниені «жалт-жұлт еткен кең мекен» емес, иманың қасым болатын аласапыранға айналдырған.

Орысшадағы «подлец», «сатана», «ведьма» секілді бірінен бірі еткен, өрт өшпенділігі соншалық зілді сөздер қазақшада «сұм», «сайтан» болып сәл де болса қуаты қожырай бастаған. Сол сияқты «какая злодейка», «какая ведьма» дегендегі қайталай айыптау, оқыс зілдену «қандай әйелмен» шектелген. Бұл «какая» «қандай ғана» деп аударылса, әсерлірек шығар ма еді?! Алайда, олай аударса ырғаққа нұқсан. «Сен неге» дегенде, «неге» ұйқастың ұясына енгізу орын ентелеп келген. Айқыны сол — орысша нұсқаның эмоциялық экспрессивтік қуаты, поэтикалық мазмұн ауқымы, көркемдік мағыналық көкжиегі кеңірек.

Бұған қарағанда, өлең әуестаста орысша жазылғанға ұқсайды. Өйткені, майдан газеттері негізінен, орысша шығады ғой. Соған ұсыну үшін бірден орысша жазғандай. Сол кездегі майдан газеттерін бірінде бұл өлең орысша жарияланды ма, ол жағын білмеймін. Ал, қазақшалай қатырып жатуға соғыс кезінде, әлбетте, ақынның уақыты болмаған.

Қасымның бұдан басқа да біраз орысша жазған шығармалары бар екені бертінде ақынның сүйікті қызы - Дариға Аманжолованың «Қазақ әдебиеті» газетінде шыққан мақаласында айтылды. Сол қолжазбаларды табу майдан газеттерінде жариялануы мүмкін жырларын іздеу, салыстыра зерттеу — алдағы міндеттердің бірі.

Анығы сол — Баубек Бұлқышев сияқты Қасым Аманжолов та орысшаға жетік болған. Орыс тілі арқылы өлем поэзиясымен, қолы жеткен шығармалармен байыптап танысқан. Орыстың ұлы сыншысы Белинскийдің мақалаларын аударған. Әр тілдің өзіндік қалыптасқан әлемі бар екені

дейді.

— **Ақынның аудармалары, орыс тілінде жазған өлеңдері жайлы айта кетсеңіз.**

— Ақын шығармашылығының құнарына, әуен-сарын, бояу алуандығына игі ықпал еткен факторлардың бірі — орыс және басқа да халықтар өкілдерінің поэзиясы. Пушкин, Лермонтов, Маяковский, т.т. Сондай-ақ, 30-жылдардан бастап бірге жүрген достарының бірі Ф.Слановтың айтуынша, ол аталған ақындарға қоса, Шевченко, Байрон, Руставели, Низами шығармаларын көп аударды. Ақындық тәжірибенің молаюына, өмірді көркемдік тұрғыдан тануына, өзіндік мәнерінің қалыптасуына аударманың да айрықша септігі тигені рас.

Арқалы Қасым ақынның от пен октың арасында жүріп, орыс тілінде жазған өлеңдерінің қазақша нұсқалары да бар. Бірақ ол өлеңдер алдымен орысша жазылды ма, әлде қазақша жазылды ма, ол жағы анық емес. Мәселен, ақынның шығармалары жинағында берілген «Зұлым жау» өлеңінің түсінікте келтірілген орысша нұсқасы небәрі 6 жолдан ғана тұрады, қазақшасы 8 шумақ — 32 тармақ.

Зер салып, салыстырып оқысаңыз, «Зұлым жаудың» орысшасы қазақшасына қарағанда, ашынуы мен ашуы араласа айқын тасқындап, асқындап, аспанға өрлеп тұр. Мәселен, қазақшада:

Қандай ғана дозақтан түстің сен сұм,

Қандай у мен тәжіңді бояғансың, —

десе, орысшада:

Из какого ада брошен ты подлец,

Каким же ядом пропитан твой венец? —

деп, шапшып шығандайды.

Тәжді қараптан-қарап бояу қазақы ұғымға бірден қона қоймайды. «Түстің сен сұм» да жүрістен жаңылдсқан. Бірғақтың аяғы шалынысып кеткен қапы сәті бірден көзге түседі. Бұларға «еркек аяр» (М.Әуезов) беріп тұрған жайт дозақ емес, «қандай ғана дозақтың» эмоциялық қызулы қуаты әлдеқайда айқын. Әйтсе де «дозақтан түстің» дегенде, дозақ аспанда әуелеп, көкті жайлағандай, сұм содан салбырап түскендей әсер етеді. Орысшада сол дозақтың өзі түңіліп, жиырыла жиіркеніп, жыны ұстап лақтырған немесе жазира жарық дүниеге лаң салу үшін қасақана лақтырылған. «Подлец», «венец» деген қатқыл дыбыстар шокпармен ұрғандай әсер етеді, «каким же» деген таңданысы мен ызбары, ызғары кабаттаса ширыққан эмоция қазақшада көрінбейді.

ғылымда баяғыда-ақ дәлелденген. Қасымның асқар биікке көтерілуіне екі тілдің әлемінде еркін жүзуі, екі тілдің көркемдік құнары мен қуатын бойына еркін сіңіруі де әсер еткен. Бұл орайда Ш.Уәлихановтың, Абайдың, Ы.Алтынсаринның, Мағжанның, т.б. шығармашылығындағы «кәдуілгі» қазақшадан бөлекше ойлап кететін сәттерін еске алсаңыз, әр тілдің ғасырлар бойы жинаған тәжірибесінің шығармашылыққа әсер ететінін қайыра еске аламыз. Аристотель мен әл-Фарабиден бастап, бүгінге дейінгі ғылым мен шығармашылық өкілдерінің өмірінен келтіруге лайықты мысалдар қыруар...

Қасымның шығармалар жинағында «Бүгін майдың отыз бірі» деген атпен күнделік дәптерден келтірілген үзінділерде подполковник Әлпиннің ақынды «Отан үшін соғысқа» деген орысша газет редакциясына орналастырғаны, ондағы редактор, аға лейтенант Кулагин Қасымның жазған мақала, хабарларының берекесін кетіргендігі туралы айтылады. Және де мұнда ақын: «...орысша-қазақша бірнеше өлең жаздым. Бірақ көбі-ақ шабытсыз, көңілсіз жазылды. Біріншіден, науқас болдым, екіншіден, редактордың қыңыр мінезі көңілімді көтертпеді, соның өзінде июньнің тоғызы «Брянские леса» деген өлеңімнің басын жазып қойған едім, бүгін аяқтағалы отырмын» деп, айған жарылады. Бірақ осы «Брянские леса» біздің қолымызға түспеді. Қасым еңбек еткен майдан газетінде жариялануы әбден ықтимал. Іздеу, табу жариялау кезектегі шаруа.

— Сөзімізді түйіндесең...

— Түйіні — Қасым Аманжолов шығармашылығы, ғажайып ақындық қуаты әлі де арнайы, терең зерттелуі керек. Ұлтымыздың ғасырлар бойы өлмей, өшпей бүгінге жеткен, келешекке ұмтылған ұлы ағысты талабын, қайталанбас өзіндік керемет рухани әлемін, шығармашылық зор әлеуетін танытатын бірегей, тарихи тұлға — Қасым Аманжолов. *Адам мен адамзаттың қиялына қанат бітіретін, рухына жігерлі серпін беретін Қасым сияқты ақындар әлем поэзиясында сирек. Еніше, Қасымды зерттеу, асыл мұрасын алуан тілдерге тәржімалап, таныту — елдігіміздің іргесін нығайту, кешегі күндерде кеткен есемді қайтару, жоғымызды түгендеу, бақытты болашаққа ұтылу деп, сөзімді тәмамдайын.*

Әңгімелескен Айгара АШАНОВА.